

«Қазақстанның экспорттық-кредиттік агенттігі» АҚ Жалғыз акционерінің шешімімен» бекітілген

«Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы Басқармасының 2017 жылғы «27» қыркүйектегі №37/17 хаттамасы

«Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы Басқармасының 2017 жылғы «27» қыркүйектегі №37/17 хаттамасына № 13 қосымша

2018 жылғы 17 сәуірдегі өзгерістер мен толықтырулармен («Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының № 14/18 Басқарма отырысының хаттамасы)

2019 жылғы 09 шілдедегі өзгерістер мен толықтырулармен («Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының № 35/19 Басқарма отырысының хаттамасы)

2021 жылғы 26 мамырдағы өзгерістермен және толықтырулармен («Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының № 27/21 Басқарма отырысының хаттамасы)

2023 жылғы 11 сәуірдегі өзгерістермен және толықтырулармен («Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының № 13/23 Басқарма отырысының хаттамасы)

2024 жылғы 06 мамырдағы өзгерістермен және толықтырулармен («Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы Басқарма отырысының № 22/24 хаттамасы)

**«Қазақстанның экспорттық-кредиттік агенттігі»
акционерлік қоғамының
Жарғысы**

Астана қ., 2017 жыл

1. Жалпы ережелер

1.1-тармаққа «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы Басқарма отырысының 06.05.2024 ж. № 22/24 хаттамасына сәйкес өзгерістер енгізілді.

1.1. Осы Жарғы «Қазақстанның экспорттық-кредиттік агенттігі» акционерлік қоғамының (бұдан әрі — Қоғам) заңды тұлға ретіндегі құқықтық мәртебесін, оның атауын, орналасқан жерін, қоғам органдарының құрылу тәртібі мен құзыретін, оның қызметін қайта ұйымдастыру және тоқтату шарттарын және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген және қайшы келмейтін басқа да ережелерді айқындайды.

1.2-тармаққа «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы Басқарма отырысының 06.05.2024 ж. № 22/24 хаттамасына сәйкес өзгерістер енгізілді.

1.2. Қоғамның толық атауы:

мемлекеттік тілде:

«Қазақстанның Экспорттық-кредиттік агенттігі» акционерлік қоғамы;

орыс тілінде:

акционерное общество «Экспортно-кредитное агентство Казахстана»;

ағылшын тілінде:

«Export credit agency of Kazakhstan» joint-stock company.

Қоғамның қысқартылған атауы:

мемлекеттік тілде: **«Қазақстанның Экспорттық-кредиттік агенттігі» АҚ;**

орыс тілінде: **«Қазақстанның экспорттық-кредиттік агенттігі» АҚ;**

ағылшын тілінде: **«Export credit agency of Kazakhstan» JSC.**

1.3-тармаққа «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы Басқарма отырысының 2018.04.17 № 14/18 хаттамасына сәйкес өзгерістер енгізілді

1.3-тармаққа «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы Басқарма отырысының 2019.07.09 № 35/19 хаттамасына сәйкес өзгерістер енгізілді

1.3-тармаққа «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы Басқарма отырысының 11.04.2023 № 13/23 хаттамасына сәйкес өзгерістер енгізілді

1.3. Қоғамның атқарушы органының орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, Z05N3E2, Астана қаласы, Есіл ауданы, Мәңгілік Ел даңғылы, 55а ғимарат.

1.4. Қоғам Алматы қаласы Әділет департаментінің 26.08.2010 ж. № 15427 бұйрығы және 26.08.2010 ж. № 57185-1910-ақ қайта тіркеу туралы куәлігі негізінде «Экспорттық кредиттер мен инвестицияларды сақтандыру жөніндегі мемлекеттік сақтандыру корпорациясы» АҚ-ның құқықтық мирасқоры болып табылады.

1.5. Қоғамның жалғыз акционері «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы (бұдан әрі - Жалғыз акционер) болып табылады

2. Қоғамның құқықтық мәртебесі

2.1. Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес заңды тұлға болып табылады, дербес балансы, банктік шоттары болады, өз атынан мүліктік және жеке мүліктік емес құқықтарды сатып ала алады және жүзеге асыра алады, міндеттер атқара алады, сотта талапкер және жауапкер бола алады.

2.2. «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы Басқарма отырысының 06.05.2024 ж. № 22/24 хаттамасына сәйкес алынып тасталды.

2.3-тармаққа «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы Басқарма отырысының 06.05.2024 ж. № 22/24 хаттамасына сәйкес өзгерістер енгізілді.

2.3. Қоғам экспорттық кредиттерді, инвестицияларды, отандық экспорттаушыларды және отандық шикізаттық емес тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) шетелдік сатып алушыларды олардың пайдасына берілген кепілдіктер мен кепілгерліктерді қаржы ұйымдарының тиісті залалдарынан, өзге де қаржылық залалдардан және тиісті азаматтық-

құқықтық жауапкершіліктен кредиттеуге (қарыздарға) байланысты мәмілелерді ерікті сақтандыруды, сондай-ақ оларды тиісті лицензиясыз қайта сақтандыру және Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын өзге де функцияларды жүзеге асырады.

2.4. Қоғамның өз атауы жазылған мөрі, бланкілері және өз қызметін жүзеге асыру үшін қажетті өзге де деректемелері болады.

2.5-тармаққа «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы Басқарма отырысының 06.05.2024 ж. № 22/24 хаттамасына сәйкес өзгерістер енгізілді.

2.5. Қоғам өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексін, «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңдарын (бұдан әрі – АҚ туралы Заң), «Сауда қызметін реттеу туралы», «Өнеркәсіптік саясат туралы», «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңдарын және Қазақстан Республикасының өзге де құқықтық актілерін, сондай-ақ осы Жарғыны басшылыққа алады.

«Сақтандыру қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы, егер «Сақтандыру қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңында өзгеше көзделмесе, Қазақстанның экспорттық-кредиттік агенттігінің қызметіне байланысты қатынастарды реттемейді

2.6. Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен Қоғам заңды тұлғалар болып табылмайтын және олар туралы ереженің негізінде әрекет ететін, орналасқан жерінен тыс орналасқан филиалдар (өкілдіктер) құруға құқылы.

3. Қоғамның және Жалғыз акционердің жауапкершілігі

3.1. Қоғам өз міндеттемелері бойынша өз мүлкі шегінде жауапты болады.

3.2. Қоғам Жалғыз акционердің міндеттемелері бойынша жауап бермейді. Жалғыз акционер Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген жағдайларды қоспағанда, Қоғамның міндеттемелері бойынша жауап бермейді және өзіне тиесілі акциялардың құны шегінде қоғамның қызметіне байланысты залалдар тәуекелін көтереді.

4. Қоғамның мақсаты, міндеттері және қызмет түрі

4.1. Қоғам қызметінің мақсаты экономиканы дамытуға және әртараптандыруға жәрдемдесу, тауарлар, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтер экспортын қолдау және дамыту, кірістер алу және оларды жалғыз акционердің мүддесіне пайдалану болып табылады.

4.2-тармақ «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы Басқарма отырысының 2021.05.26 № 27/21 хаттамасына сәйкес 8) -13) тармақшалармен толықтырылды.

4.2-тармақ «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы Басқармасы отырысының 06.05.2024 ж. № 22/24 хаттамасына сәйкес 14) және 15) тармақшаларымен толықтырылды.

4.2. Қоғамның міндеттері:

1) тәуекелдерді сақтандыру және қайта сақтандыру арқылы Қазақстан Республикасының шикізат емес тауарларының, жұмыстары мен қызметтерінің экспортын ынталандыру;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес пайдалы қазбалар болып табылмайтын Қазақстан Республикасының шикізат тауарларының экспортын тәуекелдерді сақтандыру және қайта сақтандыру жолымен ынталандыру;

3) тәуекелдерді сақтандыру және қайта сақтандыру арқылы Қазақстан Республикасына және шетелге инвестицияларды ынталандыру;

4) тауарлардың экспортына байланысты қаржылық тәуекелдерді сақтандыру;

5) екінші деңгейдегі банктердің экспорттық алдындағы және экспорттық кейінгі операциялар бойынша тәуекелдерін сақтандыру жолымен экспортты ынталандыру;

6) экспорттық операцияларды алдын ала экспорттық және саудалық қаржыландыру мақсаттары үшін екінші деңгейдегі банктерде ақша қаражатын шартты орналастыру жолымен тауарлар, жұмыстар мен қызметтер экспортын ынталандыру;

7) тармаққа «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы Басқарма отырысының 06.05.2024 ж. № 22/24 хаттамасына сәйкес өзгерістер енгізілді.

7) осы Жарғының 2.3-тармағында көзделген ерікті сақтандыру түрлері бойынша тәуекелдерді қабылдау және беру жолымен қайта сақтандыру қызметі қазақстандық және шетелдік сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарына, басқа елдердің экспорттық-кредиттік агенттіктеріне, ұлттық қайта сақтандыру компанияларына және халықаралық қауымдастықтар мен экспорттық кредиттер мен кепілдіктерді сақтандыру ұйымдарының мүшелеріне қайта сақтандыруға;

8) экспорттық әлеуетті диагностикалау;

9) шетелде сауда миссияларын ұйымдастыру және өткізу, көрме-жәрменкелік қызметті жүзеге асыру, отандық өндірушілердің тауар белгілерін шетелде насихаттау және қазақстандық өндірушілердің ұлттық стендтерін ұйымдастыру;

10) шетелде отандық өндірушілер және олардың тауарлары, қызметтері туралы ақпаратты тұрақты негізде орналастыру арқылы әлеуетті шетелдік сатып алушылардың хабардар болуын арттыру;

11) отандық өңделген тауарлардың, көрсетілетін қызметтердің экспортын дамыту және ілгерілету мәселелері бойынша ақпараттық және талдамалық қолдау көрсету;

12) отандық өңделген тауарларды, көрсетілетін қызметтерді гуманитарлық көмектің халықаралық нарығында насихатталуына, өтуіне жәрдемдесу;

13) индустриялық-инновациялық қызмет субъектілерінің отандық өңделген тауарларды, көрсетілетін қызметтерді сыртқы нарықтарға насихаттап, өткізу бойынша шығындарының бір бөлігін өтеу;

14) шикізаттық емес экспортты ілгерілету жөніндегі мәмілелерге кепілдік беру;

15) екінші деңгейдегі банктердің, Қазақстанның Даму банкінің, лизингтік қызметті жүзеге асыратын өзге де заңды тұлғалардың шикізаттық емес экспортты дамыту және ілгерілету саласындағы ұлттық даму институты тарапынан сақтандыруға жататын өңдеуші өнеркәсіптің отандық жоғары технологиялық тауарлары мен қызметтерін шетелдік сатып алушыларға беретін кредиттері мен лизингтік мәмілелері бойынша сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау.

4.3. Қоғамның функциялары:

1) Қазақстан Республикасының тауарларын, жұмыстары мен қызметтерін сыртқы нарықтарға жылжытуға жәрдемдесу;

2) экспорт алдындағы және экспорттық операциялар саласындағы өтеусіз консультациялық қолдау;

3) Қазақстан Республикасының тауарлар, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтер экспортын ілгерілету мәселелері бойынша отандық, шетелдік және халықаралық ұйымдармен өзара іс-қимыл жасау.

4.4. 3) «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы Басқарма отырысының 06.05.2024 ж. № 22/24 хаттамасына сәйкес алынып тасталды.

4.5. 3) «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы Басқарма отырысының 06.05.2024 ж. № 22/24 хаттамасына сәйкес алынып тасталды.

4.6. 3) «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы Басқарма отырысының 06.05.2024 ж. № 22/24 хаттамасына сәйкес алынып тасталды.

5. Қоғамның мүлкі мен капиталы

5.1. Қоғамның мүлкі мыналардың есебінен қалыптастырылады:

1) оның қызметі нәтижесінде алынған кірістер;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған негіздер бойынша сатып алынатын өзге де мүлік.

5.2. Қоғамның жарғылық капиталын қалыптастыру «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылатын қоғамның

акцияларын қайта ұйымдастыру кезінде оған ақы төлеу жағдайларын қоспағанда, тек қана Қазақстан Республикасының ұлттық валютасындағы ақшамен жүзеге асырылады.

5.3. Қоғамның жарғылық капиталын ұлғайту Қоғамның жарияланған акцияларын орналастыру арқылы жүзеге асырылады.

5.4-тармаққа «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы Басқарма отырысының 06.05.2024 ж. № 22/24 хаттамасына сәйкес өзгерістер енгізілді.

5.4. Қоғам қолданыстағы сақтандыру, қайта сақтандыру шарттары бойынша қабылданған міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ету және шикізаттық емес экспортты ілгерілету жөніндегі мәмілелерге кепілдік беру үшін актуарийлер қызметі есептеген көлемде қалыптастырылған резервтерге (міндеттемелерге) ие болуға міндетті.

5.5-тармаққа «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы Басқарма отырысының 06.05.2024 ж. № 22/24 хаттамасына сәйкес өзгерістер енгізілді.

5.5. Резервтердің (міндеттемелердің) қаражаты қоғамның қолданыстағы сақтандыру, қайта сақтандыру шарттары бойынша өз міндеттемелерін орындауға байланысты төлемдерді жүзеге асыруына және шикізаттық емес экспортты ілгерілету жөніндегі мәмілелерге кепілдік беруге ғана арналған.

5.6-тармаққа «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы Басқарма отырысының 06.05.2024 ж. № 22/24 хаттамасына сәйкес өзгерістер енгізілді.

5.6. Резервтерді (міндеттемелерді) қалыптастыруға, есептеу әдістемесіне және олардың құрылымына қойылатын жалпы талаптар сауда қызметін реттеу саласындағы уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерінде белгіленеді.

6. Қоғамның акциялары

6.1. Қоғам қарапайым акциялар шығаруға құқылы.

6.2. Мәміле нәтижесінде Қоғамның қаржылық орнықтылығы мен төлем қабілеттілігі мәселелеріне қатысты заңнама талаптары бұзылмаған жағдайда, қоғам өз акцияларын жалғыз акционерден сатып алуға құқылы.

6.3. Акцияларды сатып алу кезінде Қоғам орналастырылған акцияларды Қоғамның сатып алуы бойынша заңнамада белгіленген шектеулерді сақтайды.

6.4. Акцияларды оның жарияланған акцияларының саны шегінде орналастыру туралы шешімді Қоғамның Директорлар кеңесі қабылдайды.

Бап «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы Басқарма отырысының 2019.07.09 № 35/19 хаттамасына сәйкес 6.5-тармақпен толықтырылды.

6.5. Қоғам акцияларын ұстаушылар тізілімдерінің жүйесін жүргізуді орталық депозитарий ғана жүзеге асыра алады.».

7. Қоғамды басқару ерекшеліктері

7.1. Қоғамды тарату, қайта ұйымдастыру және оның атауын өзгерту туралы шешімді Қазақстан Республикасының Үкіметі «Мемлекеттік мүлік туралы» ҚР Заңында көзделген тәртіппен қабылдайды.

7.2. Қоғам активтері құнының жалпы мөлшерінің жиырма бес және одан да көп пайызын құрайтын мүлікті қоғам сатып алатын немесе иеліктен шығаратын (сатып алуы немесе иеліктен шығаруы мүмкін) нәтижесінде қоғамның мәміле немесе өзара байланысты мәмілелер жиынтығын жасасуы туралы шешімді Жалғыз акционердің Директорлар кеңесі қабылдайды.

Бап «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы Басқарма отырысының 09.07.2019 ж. № 35/19 хаттамасына сәйкес 7.3, 7.4-тармақтармен толықтырылды.

7.3. Қоғам қызметінің нәтижелерін тыңдауды Жалғыз акционердің Директорлар кеңесі жыл сайынғы негізде жүзеге асырады.

7.4. Қоғам қызметін тыңдау нәтижелері туралы есепті Қоғам мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органға және мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органға ұсынады.

8. Жалғыз акционердің құқықтары

8.1. Жалғыз акционер құқылы:

1) АҚ туралы Заңда және Қоғамның Жарғысында көзделген тәртіппен Қоғамды басқаруға қатысу;

2) дивидендтер алу;

3-тармаққа «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы Басқарма отырысының 11.04.2023 № 13/23 хаттамасына сәйкес өзгерістер енгізілді

3) Қоғамның қызметі туралы ақпарат алу, оның ішінде қоғамның қаржылық есептілігімен Жалғыз акционер немесе қоғамның жарғысында айқындалған тәртіппен танысу, ақпаратты қоспағанда:

талап етілген күніне қарай қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында жарияланған;

соңғы үш жыл ішінде қайта сұратылатын (бұрын акционер сұратқан ақпарат толық көлемде берілген жағдайда);

орындалуы акционердің өтініш жасаған күніне жүзеге асырылатын мәмілелер туралы ақпаратты қоспағанда, Қоғам қызметінің өткен кезеңдеріне жататын (акционер өтініш берген күнге дейін үш жылдан астам);

4) тармақшаға «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы Басқарма отырысының 09.07.2019 ж. № 35/19 хаттамасына сәйкес өзгерістер енгізілді

4) орталық депозитарийден немесе номиналды ұстаушыдан оның бағалы қағаздарға меншік құқығын растайтын үзінді көшірмелер алу;

5) Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау;

6) Қоғам органдары қабылдаған шешімдерге сот тәртібімен дау айту;

7) Қоғамның лауазымды адамдарының қоғамға келтірілген залалдарды қоғамға өтеуі және Қоғамның лауазымды адамдарының және (немесе) олардың үлестес тұлғаларының ірі мәмілелер және (немесе) жасалуына мүдделілік бар мәмілелер жасасу (жасасуға ұсыныс жасау) туралы шешімдер қабылдау нәтижесінде алған пайданы (табысты) қоғамға қайтаруы туралы талаппен заңнамада көзделген жағдайларда өз атынан сот органдарына жүгінуге құқылы;

8) Қоғамға оның қызметі туралы жазбаша сұрау салуға және Қоғамға сұрау салу келіп түскен күннен бастап күнтізбелік отыз күн ішінде дәлелді жауаптар алу;

9) Қоғам таратылған кезде мүліктің бір бөлігіне;

10) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген жағдайларды қоспағанда, АҚ туралы Заңда белгіленген тәртіппен Қоғамның акцияларын немесе оның акцияларына айырбасталатын басқа да бағалы қағаздарын артықшылықпен сатып алу;

11) Директорлар кеңесіне Заңға сәйкес Жалғыз акционердің қарауына шығару үшін қосымша мәселелерді енгізуді ұсыну;

12) Директорлар кеңесінің отырысын шақыруды талап ету;

13) аудиторлық ұйымның өз есебінен Қоғамның аудитін жүргізуін талап етуге;

8.2. Жарғының 8.1-тармағында белгіленген жалғыз акционердің құқықтарын шектеуге жол берілмейді.

9. Жалғыз акционердің міндеттері

9.1. Қоғамның жалғыз акционері:

1) акцияларды төлеуге міндетті;

2) тармақшаға «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы Басқарма отырысының 09.07.2019 ж. № 35/19 хаттамасына сәйкес өзгерістер енгізілді

2) он жұмыс күні ішінде Қоғамның акцияларын ұстаушылардың тізілімін жүргізу үшін қажетті мәліметтердің өзгергені туралы Қоғамның орталық депозитарийін хабардар ету;

3) қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын қоғам немесе оның қызметі туралы ақпаратты жария етпеу;

4) АҚ туралы Заңға және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамалық актілеріне сәйкес өзге де міндеттерді орындау.

9.2-тармаққа «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы Басқарма отырысының 2019.07.09 № 35/19 хаттамасына сәйкес өзгерістер енгізілді

9.2. Қоғам және Орталық депозитарий Жалғыз акционердің Жарғының 9.1-тармағының 2) тармақшасында белгіленген талаптарды орындамауының салдары үшін жауапты болмайды.

10. Таза кірісті бөлу. Акциялар бойынша дивидендтер

10.1. Қоғамның таза табысы (салықтар мен бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді төлегеннен кейін) Жалғыз акционердің шешімімен айқындалған тәртіппен бөлінеді.

Қоғамның жалғыз акционері жылдың қорытындысы бойынша Қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтер төлемеу туралы шешім қабылдауға құқылы.

10.2-тармаққа «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы Басқарма отырысының 2019.07.09 № 35/19 хаттамасына сәйкес өзгерістер енгізілді

10.2. Қоғамның қарапайым акциялары бойынша дивидендтер төлеу туралы шешімде АҚ туралы заңда көзделген мәліметтер болуы тиіс.

10.3. Қоғамның акциялары бойынша дивидендтерді есептеуге мына жағдайларда жол берілмейді:

1) меншікті капиталдың теріс мөлшерінде немесе егер қоғамның меншікті капиталының мөлшері оның акциялары бойынша дивидендтер төлеу нәтижесінде теріс болса;

2) егер ол Қазақстан Республикасының Банкроттық туралы заңнамасына сәйкес төлем қабілетсіздігі немесе дәрменсіздік белгілеріне жауап берсе не көрсетілген белгілер Қоғамда оның акциялары бойынша дивидендтерді есептеу нәтижесінде пайда болады;

3) тармақшаға «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы Басқарма отырысының 09.07.2019 ж. № 35/19 хаттамасына сәйкес өзгерістер енгізілді

3) тармаққа «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы Басқарма отырысының 06.05.2024 ж. № 22/24 хаттамасына сәйкес өзгерістер енгізілді.

3) Қазақстан Республикасының «Бағалы қағаздар нарығы туралы» Заңында көзделген жағдайларда.

10.4. Қоғамның акциялары бойынша дивидендтер төлеу жыл қорытындысы бойынша не Қоғамның Жалғыз акционерінің шешімі бойынша әрбір тоқсанның немесе жартыжылдықтың қорытындысы бойынша жүзеге асырылады.

10.5. Тоқсанның немесе жартыжылдықтың қорытындылары бойынша Қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтер төлеу қоғамның тиісті кезеңдегі қаржылық есептілігіне аудит жүргізілгеннен кейін ғана жүзеге асырылады.

10.6. Дивидендтер оларды төлеу үшін белгіленген мерзімде төленбеген жағдайда, акционерге міндеттеме орындалған күнге немесе оның тиісті бөлігіне уәкілетті органның ресми қайта қаржыландыру ставкасы негізге алына отырып есептелетін дивидендтер мен өсімпұлдардың негізгі сомасы төленеді.

10.7. Дивидендтерді төлеу Қоғамның акцияларын ұстаушылар тізілімдері жүйесінде акционердің өзекті деректемелері туралы мәліметтер болған кезде жай акциялар бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылданған кезден бастап тоқсан күннен кешіктірілмей жүзеге асырылуға тиіс

Акционердің өзекті деректемелері туралы мәліметтер болмаған жағдайда жай акциялар бойынша дивидендтер төлеу акционер қоғамға ол туралы қажетті мәліметтердің қоғам акцияларын ұстаушылар тізілімдерінің жүйесіне енгізілгенін растайтын құжатпен жүгінген кезден бастап тоқсан күн ішінде жүзеге асырылуға тиіс.

11. Қоғам органдары

11.1-тармаққа «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы Басқарма отырысының 06.05.2024 ж. № 22/24 хаттамасына сәйкес өзгерістер енгізілді.

11.1. Қоғамның органдары:
жоғары орган – Жалғыз акционер;
басқару органы - Директорлар кеңесі;
атқарушы орган-Басқарма (алқалы орган);
қоғамның қаржы-шаруашылық қызметіне бақылауды жүзеге асыратын қызмет-ішкі аудит қызметі;
андеррайтинг мәселелері жөніндегі алқалы орган-Андеррайтинг кеңесі;
активтер мен міндеттемелерді басқару жөніндегі алқалы орган-Активтер мен міндеттемелерді басқару жөніндегі кеңес;
сақтандыру және кепілдік жағдайларын реттеу мәселелері жөніндегі алқалы орган-сақтандыру және кепілдік жағдайларын реттеу мәселелері жөніндегі кеңес;
Қазақстан Республикасының заңнамасына және Қоғамның Жарғысына сәйкес өзге де органдар.
Қоғам органдарының отырыстарын шақыру, дайындау және өткізу тәртібін, қоғам органдарының шешімдер қабылдау тәртібін қоса алғанда, қоғам органдарын құру, олардың қызметін ұйымдастыру тәртібі мен құзыреті, оның ішінде шешімдері білікті көпшілік дауыспен қабылдануға тиіс мәселелердің тізбесі осы Жарғыға және Қоғамның ішкі құжаттарына сәйкес айқындалады.

12. Қоғамның Жалғыз акционері

12.1. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес барлық дауыс беретін акциялары бір акционерге тиесілі акционерлік қоғамда акционерлердің жалпы жиналыстары өткізілмейді. Осы Жарғыда Жалғыз акционердің құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешімдерді осындай акционер өзі қабылдайды және жазбаша түрде ресімдеуге жатады.

12.2. Жалғыз акционердің айрықша құзыретіне мынадай мәселелер жатады:

1) Қоғамның Жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу немесе оны жаңа редакцияда бекіту;

2) корпоративтік басқару кодексін, сондай-ақ осы Кодексті қабылдау Қоғамның Жарғысында көзделген жағдайда оған өзгерістер мен толықтыруларды бекіту;

12.2-тармақ «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы Басқарма отырысының 11.04.2023 № 13/23 хаттамасына сәйкес 2-1) тармақшамен толықтырылды

2-1) басым сатып алу құқығын қолданбай қоғамның орналастырылатын (өткізілетін) акцияларының немесе Қоғамның қарапайым акцияларына айырбасталатын басқа да бағалы қағаздардың тәртібін, шекті мерзімдерін және жалпы санын айқындау;

3) Қоғамның жарияланған акцияларының санын ұлғайту немесе қоғамның орналастырылмаған жарияланған акцияларының түрін өзгерту туралы шешім қабылдау;

4) Қоғамның бағалы қағаздарын айырбастау шарттары мен тәртібін айқындау, сондай-ақ оларды өзгерту;

5) Қоғамның қарапайым акцияларына айырбасталатын бағалы қағаздарды шығару туралы шешім қабылдау;

6-тармаққа «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы Басқарма отырысының 11.04.2023 № 13/23 хаттамасына сәйкес өзгерістер енгізілді

6) орналастырылған акциялардың бір түрін акциялардың басқа түріне айырбастау туралы шешім қабылдау, осындай айырбастаудың шарттарын, мерзімдерін және тәртібін айқындау;

12.2-тармақ «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы Басқарма отырысының 2021.05.26 № 27/21 хаттамасына сәйкес 6-1) тармақшамен толықтырылды

6-1) санақ комиссиясының сандық құрамы мен өкілеттік мерзімін айқындау, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату;

12.2-тармақ «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы Басқарма отырысының 2021.05.26 № 27/21 хаттамасына сәйкес 6-1) және 6-3) тармақшалармен толықтырылды

6-2) акцияларды бөлу туралы шешім қабылдау, осындай бөлудің шарттарын, мерзімдері мен тәртібін айқындау;

6-3) мемлекеттік емес облигацияларды өтеу мерзімінсіз шығару туралы шешім қабылдау және оларды шығару шарттарын айқындау;

7-тармаққа «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы Басқарма отырысының 11.04.2023 № 13/23 хаттамасына сәйкес өзгерістер енгізілді

7) Директорлар кеңесінің сандық құрамын, өкілеттік мерзімін айқындау, оның мүшелерін сайлау (қайта сайлау) және олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ Директорлар кеңесінің мүшелеріне олардың өз міндеттерін атқарғаны үшін сыйақылар мен шығыстарды өтеудің мөлшері мен шарттарын айқындау;

8) Қоғамның Басқарма Төрағасын сайлау және өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату туралы шешімдер қабылдау;

9) Қоғамның аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйымды анықтау;

10-тармаққа «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы Басқарма отырысының 11.04.2023 № 13/23 хаттамасына сәйкес өзгерістер енгізілді

10) аудиттелген жылдық қаржылық есептілікті бекіту;

11) есепті қаржы жылындағы Қоғамның таза табысын бөлу тәртібін бекіту, жай акциялар бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдау және қоғамның бір жай акциясына шаққандағы дивиденд мөлшерін бекіту;

12) Қоғамның қарапайым акциялары бойынша дивидендтерді төлемеу туралы шешім қабылдау;

13) Қоғамда тексерулер (ревизиялар) тағайындау туралы шешімдер қабылдау;

14) Қоғам акцияларының ерікті делистингі туралы шешім қабылдау;

15) Қоғамға тиесілі барлық активтердің жиырма бес және одан да көп пайызын құрайтын сомада активтердің бір бөлігін немесе бірнеше бөлігін беру (алу) арқылы Қоғамның өзге заңды тұлғаларды құруға немесе олардың қызметіне қатысуы не өзге заңды тұлғалардың қатысушыларының (акционерлерінің) құрамынан шығуы туралы шешім қабылдау;

16) Қоғам акцияларды АҚ туралы заңнамаға сәйкес ұйымдастырылмаған нарықта сатып алған кезде олардың құнын айқындау әдістемесіне өзгерістерді бекіту (егер оны Құрылтай жиналысы бекітпесе, әдістемені бекіту);

12.2-тармақтың 17) тармақшасына «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы Басқарма отырысының 09.07.2019 ж. № 35/19 хаттамасына сәйкес өзгерістер енгізілді

17) егер Қоғамның Жарғысында мұндай тәртіп белгіленбесе, Жалғыз акционерге Қоғамның қызметі туралы ақпарат беру тәртібін айқындау;

12.2-тармақ «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы Басқарма отырысының 2021.05.26 № 27/21 хаттамасына сәйкес 17-1) тармақшамен толықтырылды

17-1) «алтын акцияны» енгізу және күшін жою;

18) Жалғыз акционер айқындайтын тізбе бойынша Қоғамның ішкі қызметін реттейтін құжаттарды бекіту;

19) Қоғамға оның қызметі мәселелері бойынша орындау үшін тікелей (жедел) тапсырмалар беру;

12.2-тармақтың 20) тармақшасына. «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының Басқарма отырысының 2021.05.26 № 27/21 хаттамасына сәйкес өзгерістер енгізілді

20) Қоғамның Басқарма Төрағасын материалдық және тәртіптік жауапкершілікке тарту, жұмыстан шеттету, одан тәртіптік жазаларды мерзімінен бұрын алып тастау;

12.2-тармақтың 21) тармақшасына «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы Басқарма отырысының 09.07.2019 ж. № 35/19 хаттамасына сәйкес өзгерістер енгізілді

21) Қоғамның, нәтижесінде оның активтерінің баланстық құнының жалпы мөлшерінің елу және одан да көп пайызын сатып алынатын немесе иеліктен шығарылатын (сатып алынуы немесе иеліктен шығарылуы мүмкін) мәміле туралы шешім қабылданған күнгі құны Қоғам активтерінің баланстық құнының жалпы мөлшерінің елу және одан да көп пайызын құрайтын мәміле нәтижесінде Қоғам мүлікті сатып алатын немесе иеліктен шығаратын (сатып алуы немесе

иеліктен шығаруы мүмкін) ірі мәміле жасауы немесе Қоғамның жасасуға мүдделілігі бар ірі мәміле жасауы туралы шешім қабылдау;».

22) Қоғамның жылдық есебін бекіту;

23) шешім қабылдау заңнамамен және (немесе) Қоғамның Жарғысымен Жалғыз акционердің айрықша құзыретіне жатқызылған өзге де мәселелер.

12.3. Егер Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде өзгеше көзделмесе, заңнамамен және жарғымен жалғыз акционердің айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелерді қоғамның басқа органдарының, лауазымды адамдары мен қызметкерлерінің құзыретіне беруге жол берілмейді.

12.4. Жалғыз акционер Қоғамның ішкі қызметіне қатысты мәселелер бойынша Қоғамның өзге органдарының кез келген шешімін жоюға құқылы.

12.5. Осы Жарғының 12.2-тармағының 21) тармақшасында көрсетілген мәселе бойынша шешім осы Жарғының 7.2-тармағы ескеріле отырып қабылданады.

13. Қоғамның Директорлар кеңесі

13.1. АҚ туралы Заңда және (немесе) Қоғамның Жарғысында Жалғыз акционердің айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелерді шешуді қоспағанда, Директорлар кеңесі Қоғам қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асырады.

13.2. Егер АҚ туралы Заңда, осы Жарғыда өзгеше белгіленбесе, Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне мынадай мәселелер жатады:

13.2-тармақтың 1) және 2) тармақшасына «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы Басқарма отырысының 11.04.2023 № 13/23 хаттамасына сәйкес өзгерістер енгізілді

1) Қоғам қызметінің басым бағыттарын және қоғамды дамыту жоспарын айқындау, өзгерістер, толықтырулар енгізу және оның іске асырылуына мониторинг жүргізу;

2) қоғамның іс-шаралар жоспарын бекіту, оған өзгерістер мен толықтырулар енгізу, сондай-ақ оның іске асырылуына мониторинг жүргізу;

3) «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы Басқарма отырысының 11.04.2023 № 13/23 хаттамасына сәйкес алынып тасталды.

13.2-тармақтың 4) тармақшасына. «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының Басқарма отырысының 2021.05.26 № 27/21 хаттамасына сәйкес өзгерістер енгізілді

4) Директорлар кеңесі бекіткен штат саны шеңберінде ұйымдық құрылымды бекіту. Бұл ретте Қазақстан Республикасы Үкіметінің тапсырмаларын орындау, жаңа бизнес-процестердің және (немесе) қызмет бағыттарының пайда болуы және/немесе (бас тарту) жағдайларын қоспағанда, күнтізбелік жылда бір реттен артық емес ұйымдық құрылымды өзгертуге жол беріледі; мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттарына енгізілетін өзгерістерді, жаңа мемлекеттік бағдарламаларды бекітуді немесе қолданыстағы мемлекеттік бағдарламаларға өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізуді қайта ұйымдастыру;

13.2-тармақ «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы Басқарма отырысының 2021.05.26 № 27/21 хаттамасына сәйкес 5) тармақшамен толықтырылды

5) есеп саясатын бекіту;

13.2-тармақ «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы Басқарма отырысының 2021.05.26 № 27/21 хаттамасына сәйкес 5-1) тармақшамен толықтырылды

5-1) Қоғам экспорттаушыларын қолдау саясатын бекіту;

13.2-тармақтың 6) тармақшасына «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының Басқарма отырысының 09.07.2019 ж. № 35/19 хаттамасына сәйкес өзгерістер енгізілді

6) АҚ туралы Заңның 18-бабы 1-тармағының екінші және үшінші бөліктерінде көзделген жағдайларды қоспағанда, жарияланған акциялардың саны шегінде орналастыру (өткізу), оның ішінде орналастырылатын (сатылатын) акциялардың саны, оларды орналастыру (өткізу) тәсілі мен бағасы туралы шешім қабылдау;

7) Қоғамның орналастырылған акцияларды немесе басқа да бағалы қағаздарды сатып алуы және оларды сатып алу бағасы туралы шешім қабылдау;

13.2-тармақтың 8) тармақшасына «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы Басқарма отырысының 11.04.2023 № 13/23 хаттамасына сәйкес өзгерістер енгізілді

8) Қоғамның жылдық аудиттелген қаржылық есептілігін алдын ала бекіту;

9) комитеттер құру, олар туралы ережелерді бекіту, сондай-ақ Қоғамның Директорлар кеңесі комитеттерінің мүшелерін сайлау, өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату;

13.2-тармақтың 10) тармақшасына «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының 2021.05.26 № 27/21 Басқарма отырысының хаттамасына сәйкес өзгерістер енгізілді

13.2-тармақтың 10) тармақшасына «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы Басқарма отырысының 11.04.2023 № 13/23 хаттамасына сәйкес өзгерістер енгізілді

13.2-тармақтың 10) тармақшасына «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы Басқарма отырысының 06.05.2024 ж. № 22/24 хаттамасына сәйкес өзгерістер енгізілді.

10) Қоғамның Директорлар кеңесінің, Қоғамның Директорлар кеңесі комитеттерінің, Корпоративтік хатшының, ішкі аудит қызметінің, комплаенс-қызметтің, қоғам актуарийлері қызметінің жұмысы туралы есептерді бекіту;

11) Қоғамның облигацияларын және туынды бағалы қағаздарын шығару шарттарын анықтау, сондай-ақ оларды шығару туралы шешімдер қабылдау;

12) Қоғамның Басқарма төрағасын қоспағанда, Басқарманың сандық құрамын, өкілеттік мерзімін, оның жұмыс тәртібін айқындау, оның мүшелерін сайлау, сондай-ақ Қоғамның Басқарма төрағасын қоспағанда, олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату;

13) «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы Басқармасының 2019.07.09 № 35/19 хаттамасына сәйкес алынып тасталды

14) лауазымдық айлықақылардың мөлшерін және еңбекке ақы төлеу және сыйақы (сыйақы), әлеуметтік қолдау көрсету шарттарын айқындау, сондай-ақ Қоғамның төрағасы мен Басқарма мүшелеріне сыйлықақы (сыйақы) беру туралы шешім қабылдау;

15) Қоғамның ішкі аудит қызметінің сандық құрамын, өкілеттік мерзімін айқындау, оның басшысы мен қызметкерлерін тағайындау, сондай-ақ олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, қызметтің жұмыс тәртібін, лауазымдық жалақыларының мөлшерін және еңбекақы төлеу, сыйлықақы беру, әлеуметтік қолдау көрсету шарттарын айқындау, сондай-ақ ішкі аудит қызметінің басшысы мен қызметкерлеріне сыйлықақы беру туралы шешім қабылдау;

13.2-тармақтың 16) тармақшасына «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы Басқарма отырысының 11.04.2023 № 13/23 хаттамасына сәйкес өзгерістер енгізілді

16) корпоративтік хатшыны тағайындау, оның өкілеттік мерзімін, жұмыс тәртібін айқындау, оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, лауазымдық жалақының мөлшерін және еңбекақы төлеу, сыйлықақы (сыйақы) беру, әлеуметтік қолдау көрсету шарттарын айқындау, сондай-ақ корпоративтік хатшыны сыйлықақы (сыйақы) туралы шешім қабылдау;

13.2-тармақтың 17) тармақшасына «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының 2021.05.26 № 27/21 Басқарма отырысының хаттамасына сәйкес өзгерістер енгізілді

17) комплаенс-қызмет басшысын және қызметкерлерін тағайындау, олардың өкілеттік мерзімін, жұмыс тәртібін айқындау, олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, лауазымдық жалақының мөлшерін және еңбекақы төлеу, сыйлықақы беру, әлеуметтік қолдау көрсету шарттарын айқындау, сондай-ақ комплаенс-қызмет басшысы мен қызметкерлеріне сыйлықақы беру туралы шешім қабылдау;

13.2-тармақ «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы Басқармасы отырысының 11.04.2023 жылғы № 13/23 хаттамасына сәйкес 17-1) тармақшамен толықтырылды

13.2-тармақтың 17-1) тармақшасына «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы Басқарма отырысының 06.05.2024 ж. № 22/24 хаттамасына сәйкес өзгерістер енгізілді.

17-1) актуарийлер қызметінің басшысы мен қызметкерлерін тағайындау, өкілеттік мерзімін, олардың жұмыс тәртібін айқындау, олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, лауазымдық жалақының мөлшерін және еңбекақы төлеу, сыйлықақы (сыйақы) беру, әлеуметтік қолдау көрсету шарттарын айқындау, сондай-ақ актуарийлер қызметінің басшысы мен қызметкерлеріне сыйлықақы (сыйақы) беру туралы шешім қабылдау;

18) қаржылық есептілік аудиті үшін аудиторлық ұйымның, сондай-ақ Қоғамның акцияларын төлеуге берілген не ірі мәміле мәні болып табылатын мүліктің нарықтық құнын бағалау бойынша бағалаушының қызметіне ақы төлеу мөлшерін айқындау;

19) Қоғамның Директорлар кеңесі айқындайтын тізбе бойынша Қоғамның ішкі қызметін реттейтін құжаттарды (Қоғамның қызметін ұйымдастыру мақсатында Жалғыз акционер және атқарушы орган қабылдайтын құжаттарды қоспағанда), оның ішінде аукциондар өткізу және қоғамның бағалы қағаздарына қол қою шарттары мен тәртібін белгілейтін ішкі құжатты бекіту;

13.2-тармақтың 20) тармақшасына «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы Басқарма отырысының 11.04.2023 № 13/23 хаттамасына сәйкес өзгерістер енгізілді
13.2-тармақтың 20) тармақшасына. «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы Басқарма отырысының 06.05.2024 ж. № 22/24 хаттамасына сәйкес өзгерістер енгізілді.

20) тәуекелдерді басқару жөніндегі ішкі құжаттарды, оның ішінде: тәуекелдерді басқару саясатын, тәуекелдер тізілімін; тәуекелдер картасын; тәуекелдерді басқару жөніндегі іс-шаралар жоспарын; тәуекел-тәбетті; тәуекелдің негізгі индикаторларын; тәуекелдер жөніндегі есептерді бекіту;

21) Қоғамның филиалдары мен өкілдіктерін құру және жабу туралы шешімдер қабылдау және олар туралы Ережелерді бекіту;

22) Қоғамның басқа заңды тұлғалар акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) он және одан да көп пайызын сатып алуы (иеліктен шығаруы) туралы шешімдер қабылдау;

23) акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) он және одан да көп пайызы Қоғамға тиесілі заңды тұлға акционерлерінің (қатысушыларының) жалпы жиналысының құзыретіне жататын қызмет мәселелері бойынша шешімдер қабылдау;

24) Қоғамның міндеттемелерін оның меншікті капиталы мөлшерінің он және одан да көп пайызын құрайтын шамаға ұлғайту;

25) Қоғам немесе оның қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын қызметі туралы ақпаратты айқындау

26) тармақшаға «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы Басқарма отырысының 09.07.2019 ж. № 35/19 хаттамасына сәйкес өзгерістер енгізілді

26) 26) АҚ туралы Заңның 36-бабы 1-тармағының 17-1) тармақшасына және 73-бабының 3-1-тармағына сәйкес Жалғыз акционер жасасуы туралы шешім қабылдайтын ірі мәмілелерді қоспағанда, ірі мәмілелерді және жасалуына Қоғамның мүдделілігі бар мәмілелерді жасау туралы шешім қабылдау;

27) қызметкерлердің жалпы санын бекіту;

28) Жалғыз акционердің қарауына шығарылатын мәселелерді алдын ала қарау;

29) Қоғамның әкімшілік шығыстарының нормативтері мен өзге де лимиттерінің жекелеген түрлерін бекіту;

13.2-тармақтың 30) тармақшасына «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы Басқарма отырысының 06.05.2024 ж. № 22/24 хаттамасына сәйкес өзгерістер енгізілді.

30) Қоғамның атқарушы органы мүшелерінің Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайларда басқа ұйымдарда жұмыс істеу мүмкіндігіне қатысты келісім беру туралы шешім қабылдау;

13.2-тармақ «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы Басқарма отырысының 2021.05.26 № 27/21 хаттамасына сәйкес 30-1) және 30-2) тармақшалармен толықтырылды

30-1) Қоғамға оның қызметі мәселелері бойынша орындау үшін тікелей жедел тапсырмалар беру;

13.2-тармақтың 30-2) тармақшасына «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы Басқарма отырысының 11.04.2023 № 13/23 хаттамасына сәйкес өзгерістер енгізілді
13.2-тармақтың 30-2) тармақшасына «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы Басқарма отырысының 06.05.2024 ж. № 22/24 хаттамасына сәйкес өзгерістер енгізілді.

30-2) атқарушы органның мүшелерін (Қоғамның Басқарма төрағасын қоспағанда), ішкі аудит қызметінің, корпоративтік хатшының, комплаенс-қызметтің, актуарийлер қызметінің қызметкерлерін материалдық және тәртіптік жауаптылыққа тарту, жұмыстан шеттету, сондай-ақ тәртіптік жазаларды мерзімінен бұрын алып тастау;

31) Директорлар кеңесінің құзыретіне жататын мәселелер бойынша корпоративтік жанжалдарды реттеу туралы шешім қабылдау, сондай-ақ егер жанжалдың мәні Басқарманың іс-әрекеттері (әрекетсіздігі) не Қоғам Басқармасы қабылдаған шешімдер болып табылған жағдайда, Басқарманың құзыретіне жататын жекелеген жанжалдарды қарау;

32) «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы Басқарма отырысының 06.05.2024 ж. № 22/24 хаттамасына сәйкес алынып тасталды.

33) Қоғамның құны қоғам активтері құнының жалпы мөлшерінің он және одан да көп пайызын құрайтын мүлікті сатып алатын немесе иеліктен шығаратын (сатып алуы немесе иеліктен шығаруы мүмкін) қоғамның мәміле немесе өзара байланысты мәмілелер жиынтығын жасасуы туралы шешім;

34) Қоғамның Директорлар кеңесі мүшелерінің лауазымдарды қоса атқару және басқа ұйымдарда жұмыс істеу мүмкіндігіне қатысты келісім беру туралы шешім қабылдау;

35) борышкердің Қоғамның меншікті капиталы мөлшерінің жиырма бес және одан да көп пайызын құрайтын сомаға берешегін қайта құрылымдау туралы шешім қабылдау;

36) омбудсменнің өкілеттігін тағайындау, мерзімін белгілеу және өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату;

13.2-тармақ «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы Басқарма отырысының 06.05.2024 ж. № 22/24 хаттамасына сәйкес 36-1) - 36 – 4) - тармақшаларымен толықтырылды.

36-1) Қоғамда комплаенс-тәуекелді басқаруды жалпы бақылауды жүзеге асыру;

36-2) Қоғамдағы комплаенс-тәуекелді басқарудың тиімділігін жылына кемінде бір рет бағалау;

36-3) комплаенс-тәуекелдерді басқару мәселелерін тиімді және жедел шешуді қамтамасыз етуді қоса алғанда, комплаенс-тәуекелдерді басқару жөніндегі саясаттың іске асырылуына бақылауды жүзеге асыру;

36-4) Қоғам Жарғысының 13.2-тармағында көзделген құжаттарға өзгерістерді және (немесе) толықтыруларды бекіту.

37) заңнамада және (немесе) осы Жарғыда көзделген, Жалғыз акционердің айрықша құзыретіне жатпайтын өзге де мәселелер.

13.3-тармақтың бірінші абзацына «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы Басқарма отырысының 11.04.2023 № 13/23 хаттамасына сәйкес өзгерістер енгізілді
13.3-тармаққа «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы Басқарма отырысының 11.04.2023 № 13/23 хаттамасына сәйкес өзгерістер енгізілді

13.3. Қоғамның Директорлар кеңесі Ішкі аудит қызметі, актуарийлер қызметі, аудиторлық ұйым белгілеген қоғамның қаржылық орнықтылығы мен төлем қабілеттілігі жөніндегі заңнама талаптарының бұзылуына байланысты мәселелерді қарауға құзыретті.

13.4. Тізбесі осы Жарғының 13.2-тармағымен белгіленген мәселелер, сондай-ақ осы Жарғының 13.3-тармағында көрсетілген мәселелер шешу үшін Қоғамның Басқармасына беріле алмайды.

13.5. Директорлар кеңесі:

1) лауазымды тұлғалар мен акционерлер деңгейінде мүдделердің ықтимал қақтығыстарын, оның ішінде Қоғам меншігін заңсыз пайдалануды және мүдделілік бар мәмілелерді жасау кезінде теріс пайдалануды қадағалау және мүмкіндігінше жою;

2) Қоғамда корпоративтік басқару практикасының тиімділігін бақылауды жүзеге асыруға тиіс;

13.6. Жеке тұлға ғана Директорлар кеңесінің мүшесі бола алады.

Директорлар кеңесінің мүшелері мыналардың қатарынан сайланады:

1) акционерлер-жеке тұлғалар;

2) Директорлар кеңесіне акционерлердің өкілдері ретінде сайлауға ұсынылған (ұсыным берілген) адамдар;

3) Қоғамның акционері болып табылмайтын және Директорлар кеңесіне акционердің өкілі ретінде сайлауға ұсынылмаған (ұсыным берілмеген) жеке тұлғалар.

13.7. Директорлар кеңесі мүшелерінің саны кемінде үш адам болуы тиіс. Кем дегенде отыз пайызы Қоғамның Директорлар кеңесінің құрамындағы тәуелсіз директорлар болуы тиіс.

13.8-тармаққа «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы Басқарма отырысының 06.05.2024 ж. № 22/24 хаттамасына сәйкес өзгерістер енгізілді.

13.8. Қоғамның Директорлар кеңесінің құрамына сайланатын адамдар Қазақстан Республикасының заңнамасында, осы Жарғыда және Қоғамның ішкі құжаттарында басшы қызметкерлерге қойылатын талаптарға сай болуы тиіс.

13.9. Директорлар кеңесінің төрағасы оның мүшелері арасынан Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы санының көпшілік даусымен ашық дауыс беру арқылы сайланады.

Директорлар кеңесі төрағасының функциялары заңнамамен және Қоғамның Директорлар кеңесі туралы ережемен айқындалады.

13.10. Директорлар кеңесінің отырысын шақыру АҚ туралы заңда көзделген тәртіппен жүзеге асырылады.

13.11. Күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдар Директорлар Кеңесінің мүшелеріне отырыс өткізілетін күнге дейін күнтізбелік үш күннен кешіктірілмей, ал ірі мәмілелер жасасу туралы шешім қабылдау мәселесі бойынша - отырысты шақыру туралы талапты жіберумен бір мезгілде ұсынылады.

13.12. Директорлар кеңесі отырысқа Директорлар кеңесі мүшелері санының кемінде жартысы қатысқан жағдайда күн тәртібіндегі мәселелер бойынша шешімдерді қарауға және қабылдауға құқылы.

13.13. Директорлар кеңесінің әрбір мүшесі бір дауысқа ие.

Егер АҚ туралы заңда өзгеше көзделмесе, Директорлар кеңесінің шешімдері отырысқа қатысып отырған Директорлар кеңесі мүшелерінің жай көпшілік даусымен қабылданады.

13.14. Дауыстар тең болған жағдайда Директорлар Кеңесі Төрағасының немесе директорлар кеңесінің отырысында төрағалық етуші тұлғаның дауысы шешуші болып табылады.

13.15. Қоғамның жасауға мүдделілігі бар мәміле жасасуы туралы шешім АҚ туралы Заңның 73-бабының талаптарына сәйкес қабылданады.

13.16. Директорлар кеңесі Директорлар кеңесінің қарауына шығарылған мәселелер бойынша сырттай дауыс беру арқылы шешім қабылдауға құқылы. Сырттай дауыс беру арқылы шешім қабылдау тәртібі Қоғамның Директорлар кеңесі туралы ережеде белгіленеді.

13.17-тармақ «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы Басқарма отырысының 2021.05.26 № 27/21 хаттамасына сәйкес өзгертілді.

13.17. Директорлар кеңесінің оның отырысында күндізгі тәртіпте қабылданған шешімдері хаттамамен ресімделеді, оны отырысқа төрағалық еткен адам және директорлар кеңесінің корпоративтік хатшысы отырыс өткізілген күннен бастап күнтізбелік жеті күн ішінде жасауы және қол қоюы және АҚ туралы заңда көзделген мәліметтерді қамтуы тиіс.

13.18. Осы Жарғыда көзделген жағдайларды қоспағанда, Директорлар кеңесінің құрамына сайланған адамдар шексіз рет қайта сайлана алады. Директорлар кеңесінің өкілеттік мерзімін Жалғыз акционер белгілейді. Директорлар кеңесі мүшелерінің өкілеттік мерзімі бүкіл

Директорлар кеңесінің өкілеттік мерзімімен сәйкес келеді және жаңа директорлар кеңесі сайланатын Жалғыз акционердің отырысы өткізілген сәтте аяқталады.

Тәуелсіз директорлар үш жылдан аспайтын мерзімге сайланады, кейіннен олардың қызметін бағалаудың қанағаттанарлық нәтижелері жағдайында тағы үш жылға дейінгі мерзімге қайта сайлануы мүмкін.

Тәуелсіз директорлардың Директорлар кеңесінің құрамына Қатарынан алты жылдан астам мерзімге сайланудың кез келген мерзімі (мысалы, екі үш жылдық мерзім) Директорлар кеңесі мүшесінің жұмыс нәтижелері мен қызметін бағалау нәтижелерін, сондай-ақ Қоғамның ішкі құжатында белгіленген тәртіппен Директорлар кеңесінің құрамын сапалы жаңарту қажеттілігін ескере отырып, ерекше қаралуға тиіс.

Тәуелсіз директорлар қатарындағы бір адам Директорлар кеңесіне қатарынан тоғыз жылдан астам уақыт сайлана алмайды (мысалы, үш үш жылдық мерзім). Ерекше жағдайларда тоғыз жылдан астам мерзімге сайлауға жол беріледі, бұл ретте мұндай адамды Директорлар кеңесіне сайлау Директорлар кеңесінің осы мүшесін сайлау қажеттігін және осы фактінің шешімдер қабылдаудың тәуелсіздігіне әсерін егжей-тегжейлі түсіндіре отырып жүзеге асырылады.

13.18-тармақ «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының 09.07.2019 ж. № 35/19 Басқарма отырысының хаттамасына сәйкес бесінші және алтыншы абзацтармен толықтырылды

Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттігін оның бастамасы бойынша мерзімінен бұрын тоқтату Директорлар кеңесінің жазбаша хабарламасы негізінде жүзеге асырылады. Директорлар кеңесінің мұндай мүшесінің өкілеттігі, егер хабарламада Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату күні көрсетілмесе, Директорлар кеңесі көрсетілген хабарламаны алған сәттен бастап тоқтатылады.

Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылған және Жалғыз акционер директорлар кеңесінің жаңа мүшесін сайлаған жағдайда, соңғысының өкілеттігі тұтастай алғанда Директорлар кеңесінің өкілеттік мерзімінің аяқталуымен бір мезгілде аяқталады.».

13.19. Неғұрлым маңызды мәселелерді қарау және қоғамдағы Директорлар кеңесіне ұсынымдар дайындау үшін Қоғамның Директорлар кеңесінің комитеттері (бұдан әрі – Комитеттер) құрылуы тиіс:

- 1) стратегиялық жоспарлау;
- 2) кадрлық сыйақы және әлеуметтік мәселелер;
- 3) ішкі аудит;

Қоғамның ішкі құжаттарында көзделген жағдайларда, сондай-ақ Қоғамның Директорлар кеңесінің шешімі бойынша Қоғамның Директорлар кеңесінің өзге де мәселелер жөніндегі комитеттері құрылуы мүмкін.

14. Қоғамның Басқармасы

14.1. Ағымдағы қызметке басшылықты атқарушы орган-Қоғам Басқармасы жүзеге асырады.

Басқарма мүшелерінің саны кемінде үш адамды құрауы тиіс.

14.2. Басқарма АҚ туралы заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңнамалық актілерінде және Қоғам Жарғысында Қоғамның басқа органдары мен лауазымды адамдарының құзыретіне жатқызылмаған Қоғам қызметінің кез келген мәселелері бойынша шешімдер қабылдауға құқылы, оның ішінде:

1) Қоғамның Жалғыз акционері мен Директорлар кеңесінің қарауына шығарылатын мәселелерді алдын ала қарау;

2) салықтық есеп саясатын бекіту;

14.2-тармақтың 3) тармақшасы «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы Басқармасы отырысының 2021.05.26 № 27/21 хаттамасына сәйкес өзгертілді

3) «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы Басқарма отырысының 06.05.2024 ж. № 22/24 хаттамасына сәйкес алынып тасталды.

14.2-тармақтың 4) тармақшасына «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы Басқарма отырысының 11.04.2023 № 13/23 хаттамасына сәйкес өзгерістер енгізілді

4) Қоғамның бекітілген іс-шаралар жоспары шеңберінде Қоғамның жылдық бюджетін бекіту;

5) Қоғамның жедел қызметіне басшылықты жүзеге асыру, Бірден-бір акционердің және Директорлар кеңесінің шешімдерінің орындалуын қамтамасыз ету;

6) Қазақстан Республикасының заңнамасымен және (немесе) Жарғымен бекітілуі Жалғыз акционердің және (немесе) Директорлар кеңесінің құзыретіне жатқызылған құжаттарды қоспағанда, Қоғамның қызметін ұйымдастыру мақсатында қабылданатын ішкі құжаттарды бекіту;

7) Директорлар кеңесі бекіткен қызметкерлердің жалпы санын ескере отырып қоғамның штат кестесін бекіту;

14.2-тармақтың 8) тармақшасы «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы Басқармасы отырысының 2021.05.26 № 27/21 хаттамасына сәйкес өзгертілді

14.2-тармақтың 8) тармақшасына «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы Басқарма отырысының 06.05.2024 ж. № 22/24 хаттамасына сәйкес өзгерістер енгізілді.

8) қоғамның қызметкерлеріне (Басқарма мүшелерін, Ішкі аудит қызметін, Қоғамның корпоративтік хатшысын, комплаенс-қызметті, актуарийлер қызметін қоспағанда) еңбекақы, сыйақы төлеу, әлеуметтік қолдау көрсету туралы қағидаларды бекіту;

9) «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы Басқарма отырысының 2021.05.26 № 27/21 хаттамасына сәйкес алынып тасталды

10) Қоғам Басқармасы жанындағы комитеттер (комиссиялар) туралы ережелерді құру, құрамын айқындау, бекіту туралы шешімдер қабылдау;

11) Қазақстан Республикасының заңнамасында және (немесе) Жарғыда қоғамның өзге органдарының құзыретіне жатқызылған мәмілелерді қоспағанда, Қоғамның міндеттемелерін қоғамның меншікті капиталы мөлшерінің он пайызына дейінгі шамаға ұлғайту және өзге де мәмілелер жасасу туралы шешім қабылдау;

12) Қоғам активтері құнының жалпы мөлшерінің он пайызынан азын құрайтын мүлікті қоғам сатып алатын немесе иеліктен шығаратын (сатып алуы немесе иеліктен шығаруы мүмкін) нәтижесінде Қоғамның мәміле немесе өзара байланысты мәмілелер жиынтығын жасасуы туралы шешім қабылдау;

13) борышкердің Қоғамның меншікті капиталы мөлшерінің жиырма бес пайызынан аз сомаға берешегін қайта құрылымдау туралы шешім қабылдау;

14.2-тармақтың 14) және 15) тармақшаларына «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы Басқармасы отырысының 11.04.2023 № 13/23 хаттамасына сәйкес өзгерістер енгізілді

14) Қоғамның басқа органдары мен лауазымды адамдарының айрықша құзыретіне жатпайтын, Қоғамның қызметін қамтамасыз етуге байланысты өзге де мәселелер бойынша шешімдер қабылдау;

15) Қоғамның даму жоспарын іске асыру жөніндегі жедел жоспарды бекіту, оған өзгерістер мен толықтырулар енгізу, сондай-ақ оның іске асырылуына мониторинг жүргізу.

14.3-тармаққа «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы Басқарма отырысының 11.04.2023 № 13/23 хаттамасына сәйкес өзгерістер енгізілді

14.3. Басқарма Жалғыз акционердің және Директорлар кеңесінің шешімдерін орындауға, сондай-ақ даму жоспарын, іс-шаралар жоспарын (орта мерзімді бизнес-жоспарды) іске асыруды, Қоғамның жылдық бюджетінің атқарылуын және қоғам қызметінің түйінді көрсеткіштерінің нысаналы мәндеріне қол жеткізуді жүзеге асыруға міндетті;

14.4. Басқарма отырыстары қажеттілігіне қарай Басқарма төрағасының, ал ол болмаған кезде - оның міндетін атқарушы Басқарма мүшесінің төрағалығымен өткізіледі.

Басқарма, егер оның отырысына Басқарма мүшелері санының кемінде жартысы қатысса, шешім қабылдауға құқылы.

Басқарма шешімдері отырысқа қатысатын Басқарма мүшелерінің көпшілік даусымен қабылданады. Дауыстар тең болған кезде Қоғамның Басқарма төрағасының дауысы шешуші болып табылады.

Басқарманың шешімдері хаттамамен ресімделеді, оған Басқарманың отырысқа қатысқан барлық мүшелері қол қоюға және онда дауысқа қойылған мәселелер, Басқарманың әрбір мүшесінің әрбір мәселе бойынша дауыс беру нәтижесі көрсетіле отырып, олар бойынша дауыс беру қорытындылары қамтылуға тиіс.

Басқарма мүшесінің дауыс беру құқығын өзге тұлғаға, оның ішінде Қоғамның Басқармасының басқа мүшесіне беруге жол берілмейді.

14.5. Басқарма мүшелері оның акционерлері болып табылмайтын Қоғамның акционерлері мен қызметкерлері бола алады.

14.6. Басқарма мүшесі басқа ұйымдарда Директорлар кеңесінің келісімімен ғана жұмыс істеуге құқылы.

Басқарма төрағасының атқарушы орган басшысының не атқарушы органның функцияларын жеке-дара жүзеге асыратын тұлғаның, басқа заңды тұлғаның қызметін атқаруға құқығы жоқ.

14.7. Басқарма мүшесінің функциялары, құқықтары мен міндеттері ақ туралы заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңнамалық актілерінде, Қоғамның Жарғысында, сондай-ақ аталған адам қоғаммен жасасатын еңбек шартында айқындалады.

Қоғамның Басқарма мүшелері өз қызметінде заңнаманың, қоғамның ішкі құжаттарының талаптарын, оның ішінде Қоғамның Басқармасы туралы Ереженің нормаларын, тиісті лауазымдық нұсқаулықтарды сақтауға және орындауға міндетті.

14.8. Басқарма төрағасы

1) Жалғыз акционер мен Директорлар кеңесінің шешімдерінің орындалуын ұйымдастырады;

2) үшінші тұлғалармен қатынастарда Қоғам атынан сенімхатсыз әрекет етеді;

3) үшінші тұлғалармен қарым-қатынаста Қоғамның атынан өкілдік ету құқығына сенімхат береді;

4) Қоғам қызметкерлерін қабылдауды, орнын ауыстыруды және жұмыстан шығаруды жүзеге асырады (АҚ туралы заңда белгіленген жағдайларды қоспағанда), оларға көтермелеу шараларын қолданады және тәртіптік жаза қолданады, қоғамның штат кестесіне сәйкес Қоғам қызметкерлерінің лауазымдық айлықақыларының және жалақыларына дербес үстемеақылардың мөлшерін белгілейді, Басқарма мен Қоғамның ішкі аудит қызметінің құрамына кіретін қызметкерлерді қоспағанда, Қоғам қызметкерлерінің сыйлықақыларының мөлшерін айқындайды;

5) өзі болмаған жағдайда өз міндеттерін орындауды Басқарма мүшелерінің біріне жүктейді;

6) Басқарма мүшелері арасындағы міндеттерді, сондай-ақ өкілеттілік және жауапкершілік салаларын бөледі;

7) Қоғам қызметінің қолданыстағы заңнамаға сәйкестігін қамтамасыз етеді;

8) өз құзыреті шегінде бұйрықтар мен өкімдер шығарады;

9) Қоғамның Директорлар кеңесіне Қоғамдағы тәуекелдерді басқару жүйесіндегі кемшіліктер туралы хабарлайды;

10) Қазақстан Республикасының заңнамасында, Жарғыда, Қоғамның ішкі құжаттарында және Жалғыз акционер мен Директорлар кеңесінің шешімдерінде айқындалған өзге де функцияларды жүзеге асырады.

14.9. Басқарма төрағасының шешімдері бұйрықтармен немесе өкімдермен ресімделеді.

15. Қоғамның ішкі аудит қызметі

15.1. Қоғамда Қаржы-шаруашылық қызметті бақылауды жүзеге асыру үшін ішкі аудит қызметі құрылады.

15.2. Ішкі аудит қызметінің қызметкерлері Қоғамның Директорлар кеңесі мен Басқармасының құрамына сайлана алмайды.

15.3. Ішкі аудит қызметі Директорлар кеңесіне тікелей бағынады және оның жұмысы туралы есеп береді.

15.4. Ішкі аудит қызметінің өкілеттіктері, біліктілік талаптары, жұмыс тәртібі және басқа да мәселелері Директорлар кеңесі бекітетін тиісті ішкі құжаттармен айқындалады.

16. Қоғамның үлестес тұлғалары

16.1. Қоғамның үлестес тұлғалары туралы мәліметтер қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын ақпарат емес.

16.2-тармаққа «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы Басқарма отырысының 09.07.2019 ж. № 35/19 хаттамасына сәйкес өзгерістер енгізілді.

16.2. Қоғам өзінің үлестес тұлғаларының есебін осы тұлғалар немесе Орталық депозитарий ұсынатын мәліметтер негізінде жүргізуге міндетті (тек Жалғыз акционерге қатыстылығы бойынша уәкілетті орган белгілеген тәртіпте).».

16.3. Қоғамның үлестес тұлғалары болып табылатын жеке және заңды тұлғалар үлестестік пайда болған күннен бастап жеті күн ішінде өзінің үлестес тұлғалары туралы, мыналар қамтылған мәліметтерді Қоғамға ұсынуға міндетті:

1) Тегі, Аты, Әкесінің аты (бар болса) - жеке тұлғалар үшін, толық атауы-заңды тұлғалар үшін;

2) туған күні-жеке тұлғалар үшін, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу күні мен нөмірі, пошталық мекенжайы және нақты орналасқан жері - заңды тұлғалар үшін;

3) үлестестікті тануға арналған негіздемелер;

4) үлестестік пайда болған күн.

16.4-тармақ «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы Басқарма отырысының 2021.05.26 № 27/21 хаттамасына сәйкес өзгертілді.

16.4. Қоғам өзінің үлестес тұлғалары туралы мәліметтерді заңнамада белгіленген тәртіппен уәкілетті органға ұсынуға міндетті.

16.5. Қоғамның ірі акционерлері мен лауазымды тұлғалары жарғының 16.3-тармағына сәйкес өздерінің үлестес тұлғалары туралы ақпаратты ұсынады.

Қоғамның ірі акционерлері мен лауазымды тұлғалары үлестестік/ оқтатылған күннен бастап жеті күн ішінде өздерінің үлестес тұлғаларының құрамындағы өзгерістер туралы ақпаратты ұсынады.

17. Қоғамның ақпаратты ашуы

17.1-тармаққа «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы Басқарма отырысының 2019.07.09 № 35/19 хаттамасына сәйкес өзгерістер енгізілді

17.1. Қоғам қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында және қор биржасының интернет-ресурсында ақпаратты «Бағалы қағаздар рыногы туралы» Қазақстан Республикасының Заңында және уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленген тәртіппен ашуды жүзеге асыруға міндетті.

17.2-тармаққа «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы Басқарма отырысының 2019.07.09 № 35/19 хаттамасына сәйкес өзгерістер енгізілді

17.2. Қоғам қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында шоғырландырылмаған жылдық қаржылық есептілікті және аудиторлық есепті уәкілетті орган белгілеген тәртіппен және мерзімдерде жыл сайын жариялауға міндетті.

Ірі мәміле және (немесе) жасалуына мүдделілік бар мәміле туралы ақпарат қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттарына сәйкес жылдық қаржылық есептілікке түсіндірме жазбада ашылады, сондай-ақ АҚ туралы Заңда және «Бағалы қағаздар рыногы туралы»

Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген талаптарға сәйкес Жалғыз акционердің назарына жеткізіледі. Нәтижесінде қоғам активтері мөлшерінің он және одан да көп пайызы сомасына мүлік сатып алынатын не иеліктен шығарылатын мәміле туралы ақпарат мәміле тараптары, мәміленің мерзімдері мен шарттары, тартылған тұлғалардың қатысу үлестерінің сипаты мен көлемі туралы мәліметтерді, сондай-ақ мәміле туралы өзге де мәліметтерді қамтуы тиіс.

17.3-тармаққа «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы Басқарма отырысының 2019.07.09 № 35/19 хаттамасына сәйкес өзгерістер енгізілді

17.3. Қоғам қызметтік немесе коммерциялық құпияны құрайтын ақпаратқа ие Қоғам қызметкерлерінің тізімін міндетті түрде жүргізуді қамтамасыз етеді.»;

17.4-тармаққа «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы Басқарма отырысының 11.04.2023 № 13/23 хаттамасына сәйкес өзгерістер енгізілді

17.4. Қазақстан Республикасының жарғысына және/немесе заңнамасына сәйкес Жалғыз акционердің және/немесе инвесторлардың және/немесе кредиторлардың назарына жеткізілуі тиіс ақпарат Қоғамның корпоративтік интернет-ресурсында жарияланады (орналастырылады) - www.kazakhexport.kz.

17.5-тармақтың бірінші абзацына «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы Басқарма отырысының 11.04.2023 № 13/23 хаттамасына сәйкес өзгерістер енгізілді

17.5. Жалғыз акционердің Басқарма төрағасының не оның міндетін атқарушы тұлғаның атына жіберілген жазбаша талабы бойынша Қоғам оған АҚ туралы Заңның 80-бабының 1 және 2-тармақтарында көзделген құжаттардың көшірмелерін беруге міндетті.

Қоғам қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын ақпаратты беруге шектеулерді ескере отырып, осындай талап қоғамға келіп түскен күннен бастап күнтізбелік он күннен кешіктірмей құжаттардың сұратылған көшірмелерін ұсынады.

Егер Жарғының 17.6-тармағында көрсетілген құжаттарды қоспағанда, қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны қамтитын құжаттарды ұсыну үшін үшінші тұлғаның алдын ала жазбаша не ауызша келісімін алу қажет болса, мұндай құжат осындай келісімді алғаннан кейін ғана берілуі мүмкін.

Құжаттардың көшірмелерін ұсынғаны үшін төлемақының мөлшерін қоғам белгілейді және құжаттардың көшірмелерін дайындауға арналған шығыстардың құнынан және құжаттарды акционерге жеткізуге байланысты шығыстарды төлеуден аспауы тиіс.

17.6. Қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын ақпаратты қоса алғанда, қоғамның негізгі қызметіне қатысты кез келген ақпарат оның талабы бойынша жалғыз акционерге танысу үшін ұсынылуға тиіс.

17-бап «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы Басқармасы отырысының 11.04.2023 № 13/23 хаттамасына сәйкес 17.7-тармақпен толықтырылды.

17.7. Қоғам осы Жарғының 17.5-тармағында көрсетілген жалғыз акционердің талаптары қоғамға келіп түскен күннен бастап күнтізбелік он күннен кешіктірмей мынадай шарттардың кем дегенде біреуі болған кезде құжаттардың көшірмесін беруден бас тартуға құқылы:

1) Жалғыз акционер талап қойған күнге сұрау салынатын құжаттың электрондық нұсқасы Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар нарығы туралы және Акционерлік қоғамдар туралы заңнамасында көзделген тәртіппен қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында орналастырылған;

2) құжат Жалғыз акционердің оны беру туралы алғашқы талабын қоғам толық көлемде орындаған жағдайда, соңғы үш жыл ішінде қайта сұратылады;

3) орындалуы Жалғыз акционер талап ете отырып өтініш жасаған күні жүзеге асырылатын мәмілелер бойынша құжаттарды қоспағанда, құжат қоғам қызметінің өткен кезеңдеріне (талап ете отырып өтініш жасалған күнге дейін үш жылдан астам) жатады;

4) орындалуы тұлғаның қоғамның акцияларын иелену кезеңінде жүзеге асырылатын мәмілелер бойынша құжаттарды қоспағанда (бұл норма Қоғамның акционерлері болған адамдарға қоғамға жүгінген күнге дейін он екі айдан ерте емес қолданылады), құжат қоғам қызметінің өткен кезеңдеріне (тұлға қоғамның акцияларын сатып алған күнге дейін он екі айдан астам) жатады.».

18. Қоғамды қайта ұйымдастыру және тарату шарттары

18.1-тармаққа «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы Басқарма отырысының 06.05.2024 ж. № 22/24 хаттамасына сәйкес өзгерістер енгізілді.

18.1. Қоғамның ерікті қайта ұйымдастырылуы (бірігуі, қосылуы, бөлінуі, бөлінуі, қайта құрылуы) АҚ туралы заңда, «Мемлекеттік мүлік туралы» ҚР Заңында белгіленген ерекшеліктер ескеріле отырып, Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген тәртіппен жүргізіледі.

18.2-тармаққа «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы Басқарма отырысының 06.05.2024 ж. № 22/24 хаттамасына сәйкес өзгерістер енгізілді.

18.2. Қоғамды тарату, оның ішінде банкроттық негізі бойынша, АҚ туралы заңда, «Мемлекеттік мүлік туралы» ҚР Заңында белгіленген ерекшеліктер ескеріле отырып, Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес жүзеге асырылады.

19. Қорытынды ережелер

19.1. Осы Жарғымен реттелмеген барлық жағдайда Қоғам Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін және Қоғамның ішкі құжаттарын басшылыққа алады.

19.2. Егер заңнамадағы өзгерістер нәтижесінде осы Жарғының жекелеген нормалары Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келсе, содан кейін олар жарғыға өзгерістер және (немесе) толықтырулар тіркелген сәтке дейін де күшін жояды, ал егер өзгерістерді және (немесе) толықтыруларды тіркеу талап етілмеген жағдайда - оларды бекіту туралы шешім қабылданған сәтке дейін Қазақстан Республикасы заңнамасының тиісті нормалары қолданылады.

Бұл ретте Жарғының жекелеген нормаларының күшін жоғалту Жарғының тұтастай жоғалуына не жарамсыздығына әкеп соқпайды.

19.3. Осы Жарғы заңнамада белгіленген тәртіппен мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді.